

### Сессия

Digital Almaty бесінші форумы шеңберінде өткен «Жаңа болмыстағы цифрлық әріптестік» пленарлық сессиясында ЕАЭО елдері арасындағы цифрлық кедергілерді жою, сауда және экономиканың басқа да салаларында инновациялық шешімдер енгізу мәселелері, сондай-ақ негізгі жаһандық технологиялық трендтер талқыланды. Іс-шараға Армения үкіметінің басшысы Никол Пашинян, Беларусь үкіметінің басшысы Роман Головченко, Қазақстан Премьер-Министрі Әлихан Смайылов, Қырғызстан үкіметінің басшысы Ақылбек Жапаров, Ресей үкіметінің төрағасы Михаил Мишустин және Өзбекстан үкіметінің басшысы Абдулла Арипов қатысты.

## IT-нарықтарын дамытуға сенімді платформа қажет



ҚР Премьер-Министрі Қазақстан Үкіметі жыл сайын еліміздің ЖІӨ-дегі жаңа технологиялардың үлесін ұлғайту үшін барлық қажетті шараларды іске асырып жатқанын атап өтті. Олар негізінен цифрлық трансформацияға, IT саласына қолайлы жағдайлар жасауға және адами капиталды дамытуға қатысты.

Әлихан Смайылов ЕАЭО елдерінің IT-нарықтарын дамытуға мультипликативтік әсер беру үшін сенімді платформа қажет екенін айтты. Бұл тұрғыда жергілікті және аймақтық деңгейде белсенді ойыншыға айналған Astana Hub технопаркінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға болады.

Сонымен қатар Премьер-Министр «Инновациялық технологиялар паркi» дербес кластерлік қоры бүгінде Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындары мен IT-нарығын біріктіретін экосистемі құрғанына тоқталды. Жалпы Қор іске кіріскен жылдардан бастап Индустрия 4.0, геология, металлургия және т.б. салаларда құны \$36 млн-дан асатын 187 жобаны қаржыландырған.

Әлихан Смайылов ЕАЭО елдерінің технологиялық инкубаторларының өзара іс-қимылын біртіндеп дамыту маңызды деп есептейді. Үкімет басшысы қазіргі уақытта Қазақстан FinTech және GovTech жобаларын жүзеге асыруды қамтитын мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясы бағытын ұстанып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, мемлекеттің ашықтығы мен бизнес технологиясының арқасында республикада цифрлық саладағы күнделікті өмірде қолданылатын нақты нәтижелердің жоғары деңгейіне қол жеткізілді.

— Цифрландыру еліміздің барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер мен әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, — деді ол.

Сондай-ақ Әлихан Смайылов ҚР Үкіметі мемлекеттік басқарудың цифрландырудың Invisible Government сапалы жаңа тұжырымдамасына көшіп жатқанын айтты, онда мемлекеттік саясат адамның және оның қажеттіліктері мен мүдделерін ескеретін болады. Нәтижесінде бұл проактивті мемлекеттік қызметтерді енгізуге серпін береді.

— Бұл ретте негізгі тәсілдердің бірі — қызмет көрсетудің мультитиплатформалық бағдары. Яғни мемлекет «тар жер» моделінен алшақтап, бизнеске мемлекеттік қызметтерді өз платформалары мен цифрлық экосистемаларына интеграциялауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдің пайдасы зор, — деді Премьер-Министр.

Жалпы ол соңғы жылдары Қазақстан электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізгенін атап өтті. БҰҰ-ның тиісті рейтингінде республика 39 орыннан 28 орынға (2018 жылдан бастап) көтеріліп, позициясын жақсартты, ал онлайн-сервисстердің қосалқы рейтингінде 16-шы орыннан 8-ші орынға көтеріліп, әлемнің үздік 10 елінің қатарына енді.

Бұл ретте Премьер-Министр интеграцияны күшейтудің және жалпы Еуразиялық аумақтағы жобаларды іске асырудың маңыздылығын айтты. Оның айтуынша, осы істің тұсаукесері ретінде Алматыдағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ірі цифрлық бастамаларды қалыптастыру және жүзеге асыру алаңы — Цифрлық құзыреттер орталығын құруды атауға болады.

Әлихан Смайылов байланыстың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ трансшекаралық электрондық құжат айналымын дамыту тақырыптарына тоқталды. Ол логистикалық компаниялар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында Қазақстан электрондық көлік құжаттарына көшу жұмыстарын жүргізіп жатқанын атап өтті. Оның пікірінше, мұндай тәжірибені ЕАЭО аумағында енгізуге мүмкіндік бар, атап айтқанда, барлық шетелдік рұқсат бланкілерін электрондық форматқа ауыстыруға болады.

Қазақбастылықты алып тастау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады, өзара сауданың ашықтығын арттырады және ең бастысы, бизнеске өз шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік береді, — деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министрдің айтуынша, ЕАЭО елдерінің өзара сауда саласындағы электрондық іс-әрекетін дамыту тағы бір маңызды тақырып болып табылады. Сондықтан ол осы және басқа да мәселелер цифрландыру саласындағы бірлескен жұмысының маңызды бағыттарына айналуы мүмкін деп есептейді.

Форум аясында Әлихан Смайылов ЕАЭО елдері мен Өзбекстан үкіметтерінің басшыларымен бірге «Атакент» қазақстандық іскерлік ынтымақтастық орталығының аумағында ашылған цифрлық жобалардың халықаралық көрмесімен танысты. Меймандарға eGOV Mobile, Smart Data Ukmet, Smart Industry Management Platform ірі жобалары, елдік технопарктер, сондай-ақ бірқатар стартап, атап айтқанда, оныңшы сынып оқушысы Шолпан Аманкелдінің озон қабатының жай-күйін, жерге жақын ғарыш кеңістігіндегі астрономиялық қозғалыстарды зерттеуге және жер сілкінісін болжауға арналған «Venus-Sat.kz» наноспутнигі» жобасы таныстырылды.

Е.СОЗАҚБАЕВ

### Бағдарлама игілігі

## Өндіріс өркендесе, өріс кеңейеді



Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту — ел экономикасының драйвері, дамуының бірден-бір кепілі. Ал мұны түсінген Үкімет кәсіппен айналысамын деген азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Яғни салықтан босату, төмендетілген пайыздық мөлшерлемен немесе қайтарымсыз грант беру, заңдық-құқықтық тұрғыда көмек көрсету секілді жұмыстарды айтуға болады. Осы ретте Жалағаш ауданында ауқымды істер жүзеге асырылып, қазіргі таңда кәсіпкерлік саласын дамыту жұмыстары бір ізге түскен. Саланы ілгерілету барысында өңірдің жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша нақты жұмыстар да атқарылуда. Яғни қазіргідей нарықтық заманда көптеп жұмыс орындарын ашу, сол арқылы өңірге инвестиция тарту басты назарға алынған. Нәтиже де жоқ емес. Себебі ауданда кәсіп ашып, өз ісімен айналысамын деген азаматтар қатары едәуір артқан. Бұған себеп мемлекеттен аталған салаға көрсетіліп жатқан қолдауларды аудан тұрғындарының ұтымды пайдалануына жергілікті биліктен қолайлы жағдай жасалуында десек болады.

2022 жылдың қорытындысымен өңірде 3084 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны 557 бірлікке немесе 23,8 пайызға өскен. Оз кезегінде мемлекеттен 3 млрд 212 млн теңгені құрайтын 446 жоба қаржыландырылып, нәтижесінде 462 адам жұмыспен қамтылған.

Сонымен қатар ауданда инвестиция тарту мәселесі де қолға алынған. Нәтижесінде тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Өткен жылмен салыстырғанда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 115 пайызды құрап, ауданға 11 млрд 839 млн теңге инвестиция тартылды.

Быылтыр өнеркәсіп өнімдерін өндіру 166,7 пайызды құрап, 24 млрд 912 млн теңгенің өнімі өндірілген. Атап айтқанда, «Көлжан» ЖШС 12 949 381 мың теңгеге шикі мұнайды өндірсе, «Nomad Solar» ЖШС 1 934 507 мың теңгеге және «Шиегі жарығы» ЖШС 607 251 мың теңге электр энергиясымен жабдықтады. Ал «Арал» ОДСП 347 389 мың теңгеге сумен жабдықтау жұмыстарын жүзеге асырса,

«Сыр Арна» ЖШС 9 156 мың теңгеге зиянсыз қалдықтарды жинау секілді жұмыстарды жүзеге асырған.

Өткен жылы өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күрші ақтау есебінен 100,1 пайызға орындалып, 9 млрд 74 млн теңгенің өнімдері өндірілген. Мәселен, «Агро холдинг Қызылорда» ЖШС, «Мақпалкөл» ЖШС, «Таң ЛТД» ЖШС, «Аққұм Жер» ЖШС ақталған күрші, «Өркен Әлем» ЖШС мен «Талапкер» ЖШС жеңіл өнеркәсіп, «Агрохимсервис-С» ЖШС тыңайтқыш өндірісі, «Атпал СОМ» ЖШС шлакоблок өнімдерін өндірген.

Сондай-ақ өңірдегі жарқын жобалардың бірі қызыл мия тамырын өңдеу зауытын жандандырып, қайта іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Осы мақсатта бүгінде Қытай Халық республикасынан қажетті газ қондырғысының жабдықтары әкелініп, нысанның жылу жүйесі табиғи газ отынына көшірілген. Қазіргі таңда мия зауытында 15 адам тұрақты жұмыс жасайды. Жұмысты бастау үшін зауытта қажетті мия тамырының қоры да жеткілікті көрінеді. Зауыт көктемге дейін толық іске қосылып, 60 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

Жалпы, өңірде 2022-2025 жылдарға

арналған «Ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасы аясында екінші деңгейлі банк арқылы несиенің пайыздық құнын субсидиялау бағыты бойынша 19 жоба 1 140 млн теңгеге және мемлекеттік грант беру бағдарламасы бойынша 300 жоба 368 млн теңгеге қаржыландырылған. Ал «Атамекен Қызылорда» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 23 жоба 88,9 млн теңгеге қаржыландырылған.

Сондай-ақ «Агро Несие Корпорациясы» АҚ-ның облыстық филиалының жеке қаражаты есебінен 35 жоба 256,1 млн теңгеге қаржыландырылған. «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы аясында 19 жоба 78,1 млн теңге қаржылай қолдауға ие болды. Мұнан бөлек «Агробизнес» бағдарламасы аясында «Ауыл» несие серіктестігі» ЖШС арқылы 14 жоба 334 млн теңгеге, «Сырдария-1» несие серіктестігі» ЖШС арқылы 8 жоба 324 млн теңгеге қолдау тапқан.

Статистика көрсеткендей, аудан тұрғындары кәсіпкерлік саласына көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдауларды тиімді пайдалануға машықтанған. Бұрын

кәсіппен айналысамын деген азаматтар тек ауыл шаруашылығы саласына ғана бет бұрса, қазіргі таңда аудан кәсіпкерлері үлкен ізденіс пен аса сұранысты қажет ететін кәсіп түрлерін ашуға бел бұған.

Атап өту қажет, өткен жылы «Адиам» жеке кәсіпкері «Бизнесің жол картасы — 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында картон қалдықтары мен макулатурадан экзавата шығаруды қолға алған. Қазіргі уақытта кәсіпкер полигон құрылысы үшін берілген уақытша жер учаскесінен жер алып, жұмыс жасауда. Цехта 2 адам тұрақты жұмыспен қамтылса, өндіріс сағатына 150 кг өнім өндіреді.

Сондай-ақ ауданда бұрын сонды болмаған кәсіп түрі антифриз өндірісі іске қосылды. Жоба құны 15 млн теңгені құрайды. Жеке кәсіпкер Асхат Ермеқбаев 2022 жылы Ұлттық жоба аясында 5 млн теңге қайтарымсыз грант және 6 млн теңге жеңілдетілген несие алып, тәулігіне 1000 литр антифриз өндіріп, 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жеке кәсіпкер антифриз өніміне «СТ-КЗ» сертификатын да алған.

Ауданда денсаулық сақтау саласында да кәсіпкерлер өз нысандарын ашуға кіріскен. Атап ететін нысанның бірі — «ID Senim» ЖШС-ның гемодиализ орталығы. Негізгі қызметі диализге және трансплантацияға дейінгі ауқымды қамтиды және бүйрек ауруын емдейді. Жоба құны 102 млн теңгені құрайды. Бүгінде орталық 11 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Соңғы жылдары аудан халқының кәсіпкерлікке деген оң көзқарасы қалыптасқанын байқаймыз. Бұл құбылысты жергілікті билік пен аудан тұрғындарының бірлесіп атқарған жұмысының жемісі деуге болады. Өзіне өндірісі өрісті, кәсібінен нәсібін тапқан өңірдің қашан да тынысы кең болары хақ.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

## Жеңілдетілген автонесие кімдерге қолжетімді?

Қазір халық бұрынғыдай ескі көлікті тізгіндегеннен автосалоннан су жаңа көлік мінуді құп көреді. Әрине қазіргідей нарық заманында ақшаң болса, көліктің түр-түрін сатып алуға мүмкіндік бар. Тіпті қолма-қол ақшаңыз болмаса да, несие арқылы жаңа көлікке қол жеткізуге болады. Осы ретте елімізде де аталған мәселе бойынша тиісті мемлекеттік бағдарлама дайындалып, қазіргі таңда жүзеге асырылуда.

Жалпы, Қазақстанда жеңілдетілген автонесие беру өткен жылдың мамыр айынан басталған. Бірақ бағдарламаны іске асыру барысында мемлекеттен бөлінген қаржы толықтай орындалып, ол жұмысын уақытша тоқтатқан болатын. Әрине жаңа көлік тізгіндегісі келетіндердің барлығын қамту мүмкін емес. Дегенмен қаншама адамның жеңілдетілген несиемен автокөлік алуға ниетті екені де белгілі. Осы орайда Үкімет аталған бағдарламаның жақын уақытта жалғасын табатынын мәлімдеген. Яғни 2023 жылдың алғашқы айларында іске қосу жоспарланды.

Көпшілік күткен 4 пайызбен жеңіл автокөлікті несиемен бағдарламасы бойынша өтімді қабылдау күні кеше басталды. Осы мақсатта автонесияны қаржыландыру үшін Қазақстанның даму банкі екінші деңгейлі банктерге 20 млрд теңге көлемінде қаржы бөлген.



Жыры өткен жылы басталған жеңілдетілген несиемен көлік алу жайы қазір кім-кімнің де қызығушылығын туғызып отыр. Бірақ несие арқылы сұжанға көлікке екінші бірі қолы жеткізе бермейді.

Біріншіден, бұл жеңілдік жасы 21-ге толған, ал қарыз мерзімі аяқталған кезде жасы 68-ден аспаған болуы керек. Екіншіден, 4 пайызбен автокөлік алғысы келетіндердің айлық табысы 290 мың теңгеден кем болмауы қажет. Үшіншіден, бағдарламада бұрын банктен алған несиеңіз болмауы маңызды. Сондай-ақ жоба бойынша алатын көлігіңіз тек отандық автокөлік болуы керек. Міне, осы критерийлерді орындасаныз, республикадағы кез келген автосалона барып, жеңілдікпен автокөлік алуға көзекке тұруға мүмкіндігіңіз бар. Алайда төрт пайыздық несие тек бес немесе жеті жылға ғана беріледі.

Автокөлік аламын деушілерге негізінен

«Chevrolet Nexia», «Chevrolet Cobalt», «Hyundai Accent», «Kia Rio», «Kia Cerato», «Kia K5», «Hyundai Elantra», «Hyundai Sonata», «JAC», «LADA» маркалы машиналар ұсынылады. Бұлардың бағасы да 6 миллион теңгеден 17 миллион теңге арасында көрінеді. Бірақ отандық жеңіл автокөлікті несиемен бағдарламасын екінші деңгейлі банктер әртүрлі пайызбен де ұсынады екен. Мысалы, «Халық банктен» автонесие алар болсаңыз, автокөліктің шекті құны 15 миллион теңгеден көп болмауы керек. Сондай-ақ тағы бір маңызды жайт, банк әр адамға тек 10 миллион теңге көлемінде несие береді. Ал 10 миллион теңгеден асқан көліктің бағасын өз қалтаңыздан төлеуге тура келеді.

Өтімді беру үшін құжаттар жинау да бөлек мәселе екені рас. Бірақ қуантарлығы, өтімді беру үшін көп құжаттың қажеті жоқ. Өтімді иесінің және қосарлы заемшының (ол қатысқан

жағдайда) жеке куәлігі болса жеткілікті. Тағы жетілдірілген түсі енді өтімді беруді [www.auntesie.kz](http://www.auntesie.kz) ресми сайты арқылы да жүргізуге болады.

Өтімді электрондық цифрлық қолтаңба арқылы береді. Яғни сайтта өтімді берген кезде өтімші берушінің деректері автоматты түрде ЭЦҚ арқылы қалыптасады.

Өтімші беруші міндетті түрде телефон нөмірін енгізіп, автокөлік өндіруші компанияны таңдап, өтімшіге қол қояды. Өтімшінің тіркелу барысы сайттағы «жеке кабинет» арқылы тексеріледі.

Платформа іске қосылған алғашқы 18 секундта 761 қазақстандық өз өтінішін тіркеп үлгерген. Ал бірінші минутта сайтқа кірушілер саны 125 мың адамды құраған. Белгілі бір лимитке жеткеннен кейін өтімшілерді қабылдау автоматты түрде аяқталып, «өтімші беру» функциясы істен шыққан. Осылайша 18 секундта аталған бағдарлама толық жүзеге асырылып, тоқтатылды.

Жалпы, бірінші күннен бағдарламаның орындалуында бірнеше оқылықтың бар екені белгілі болды. Мәселен, [www.auntesie.kz](http://www.auntesie.kz) ресми сайты арқылы өтімді жіберу үрдісінде едәуір қиындықтар туындаған. Қанша адам техникалық ақаулардың салдарынан өтімді беруді жүзеге асыра алмаған көрінеді. Сондай-ақ аймақ халқының көпшілігінің айлық табысы 290 мыңнан аспақ түтілі, отбасы мүшелерінің айлығын қосқанда жетпейді. «Сонда бұл бағдарлама кім үшін жасалған?» деген сұрақтың туындағандығы өтірік емес. Бағдарлама үшін жауапты адамдар «Бәрі реттелді, барлығы бақылауда» деп халықты сабырға шақырғанымен, бағдарламаға қарапайым адамдардың қолы жетпейтіндей тұстары анық байқалды.


Айта кетейік, бүгін өтімші бере алмай қалған азаматтар үшін қуанышты жаңалық, жеңілдетілген автонесие алуға келесі өтімшілерді қабылдау наурызда жалғасады.

Жандос ЖАЗКЕН



# Шаруашылықтар шаруасы шираған

**Төрт түлікті түлету – қашаннан қазақтың тұрмысындағы ажырамас кәсіп. Бүгінде кәсіпкерлер көшпелі қазақ тұрмысынан бастап бүгінге дейін жалғасқан ата кәсіптің бұл түрінің көкжиегін кеңейтуде. Ата-бабамыз төрт түлікті қастерлегені сонша жайлаудан күзеуге, одан қыстауға көшіп, малдың қонды, төлді болуына жағдай жасаған. Ауыл шаруашылығының бір саласы мал басын көбейту, ірілендіру мен асылдандыру өз кезегінде салаға серпін беруде.**



Жалпы, Жалағашта шағын кәсіп-пен қатар мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Нәтижесінде саладағы өндіріс те артты, шаруа қожалықтардың шаруасы да ширады. Мал шаруашылығымен айналысамын, мал басын асылдандырып, төрт түлікті түрлендіремін дегендердің қатары жылдан-жылға артса, бұған себеп шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шаралардың жемісі деп білеміз.

Ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің мәліметінше, мал басын арттыру жұмыстары барлық түлік түрі бойынша жылдан-жылға артып келеді. Әсіресе бұл кәсіпті деңгелентіп отырғандар мемлекет ұсынған бағдарламаларды тиімді пайдалануда. Бағдарламалардың тиімді тұсын пайдалана білу, сол арқылы төмен пайызбен несиелер рәсімдеу немесе қайтарымсыз қаржыға қол жеткізу қай кәсіпкердің болсын жұмысын ширатуға септігін тигізери анық.

Негізінен мал басын асылдандыру – маңызды бағыт. Асыл тұқымды ірі қара малына күтім жасау, бабына қарай бағу, одан нәтиже шығарып, басын көбейту, экспорттау жұмысын жолға қою нағыз маманның ісі деуіміз керек. Әрине кәсіпкерлерге қолға алған ісін жалғастыруға, мемлекеттен демеу болмаса қиын. Бірақ қазір бұл салаға қолдау көп. Арнайы бағдарламалар да іске қосылған. Әсіресе ауыл шаруашылығымен айналысамын деушілерге өте тиімді «Сыбаға» бағдарламасы аясында бұған дейін 25 шаруашылық сексенге жуық асыл тұқымды бұқа сатып алған. Нәтижесінде өңірде бірнеше шаруашылық асыл тұқымды МІҚ малын өсірумен айналысады. Атап айтар болсақ, «Бақдаулет-57» ФҚ, «Адал» ЖК, «Қиясов Еркебұлан» ФҚ. Бұдан бөлек «Бақдаулет-57»

ШҚ, «Туған жер» ШҚ ет бағытындағы асыл тұқымды қой өсіруді кәсіп қылып отыр. Расымен еңбек етемін деген адамға қашанда жұмыс табылады. Мал күтіміне баса мән берілсе, мол өнім алуға болатынын айтып келеміз. Шаруалардың өндірген өнімін өткізуде, мал азығын дайындауда, материалдық-техникалық жабдықтауда, мал басы өнімділігін жетілдіруде, мемлекет қаржылай болсын әрқашан көмек беруге дайын.

Әрине бұл ретте кәсіпкерлік саласы мамандарының да жеке кәсіпкерлермен жұмыс істеуі маңызды. Қарапайым халыққа мемлекеттік бағдарламалардың тиімді тетіктерін түсіндіру арқылы саланың дамуына да серпін бере алатыны белгілі.

Өткен жылы ауданда барлығы 38 206 бас мүйізді ірі қара, 43 299 бас уақ мал, 22 502 жылқы, 733 бас түйе, 115 бас шошқа, 10 611 бас құс өсірілді. Алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара 104, жылқы 137,9, түйе 102,5, уақ мал 100,4, құс 102,6 пайызға артық орындалған. Сол тұста аудан бойынша 136 шаруашылық мал өсірумен айналысса, оның ішінде тікелей сыбаға бағдарламасымен 116 шаруашылық кәсібін деңгелентіп отыр.

Қазіргі уақытқа дейінгі кезеңді қамтитын болсақ, өңірде барлығы 37 407 бас мүйізді ірі қара, 40 566 бас уақ мал, 19 782 бас жылқы, 690 бас түйе, 10 359 бас құс өсірілуде. Ал бұл көрсеткішті өткен жылмен салыстырсақ, МІҚ 4,1 пайызға, қой мен ешкі 0,4 пайызға, жылқы 39,2 пайызға, түйе 2,5 пайызға, құс 2,7 пайызға көбейген. Аудандағы асылтұқымды малдың үлес салмағы 2 пайызға жеткен. Қазіргі таңда 4 шаруашылық асылтұқымды мүйізді ірі қара, 3 шаруашылық асыл тұқымды қой өсірумен айналысуда. Мәселен, «Бақдаулет-57» ШҚ 2013 жылы Батыс Қазақстан облысынан 68 бас асыл

тұқымды қазақтың ақбас қашарын, 2015 жылы Ақтөбе облысынан 1000 бас асыл тұқымды қазақтың ірі қылшық жүнді құйрықты қойын, «Боранбай» ШҚ 2021 жылы Арал ауданы «Ықылас» шаруашылығынан 38 бас асыл тұқымды қазақтың ақбас сиыры мен 1 бас бұқа, сондай-ақ «Адал» ЖК 2011 жылы РФ Алтай өлкесі, Онкудай өңірінен 50 бас қазақтың ақбас сиырының қашары мен 2 бас бұқа алған. Өткен жылы Қарағанды облысы Шет ауданы «Жандос» ШҚ-дан қосымша 30 бас асыл тұқымды сүт бағытындағы Симментал сиырының қашарын алып, кәсібінің көкжиегін кеңейткен.

«Еркебұлан» ЖК да 2018 жылы РФ Бурятия республикасынан 100 бас асыл тұқымды қалмақ сиырының қашарын алса, «Туған жер» ШҚ 2008 жылы Ақтөбе облысынан қазақтың ірі қылшық жүнді құйрықты қойының 420 бас ұрғашы тұсағын, 12 бас асыл тұқымды қошқар әкелген.

«Атамекен» шаруа қожалығы да мал басын асылдандыруды қолға алып, 1200 бас тауарлы, 400 бас асыл тұқымды ет бағытындағы қазақтың ірі қылшық жүнді құйрықты қойын, 60 бас қошқарын әкеліп, аудандағы асыл тұқымды мал басын көбейтуге күш салуда. Осы тұста Аққұм ауылындағы «Бақдаулет-57» ШҚ-ның асыл тұқымды түлік түрлерін көбейтудегі жемісті жұмысын атап өтуге болады. Шаруашылық 2017 жылы ет бағытындағы «Қазақтың ақбас» асыл тұқымды шаруашылық статусын алған. Шаруашылықта жүздеген бас асыл тұқымды қазақтың ақбас сиыры, асыл тұқымды қазақтың ірі қылшық жүнді құйрықты қойы, жылқы мен түйе өсірілуде.

Аталған шаруашылық бұған дейін де он беске жуық асыл тұқымды бұқаны бағдарлама аясында жұмыс істеп тұрған басқа да шаруашылықтарға

сатып, ерекше тұқымды МІҚ өсіретіндер қатарын арттырса, биыл да мал басын асылдандыру жұмыстарын ширатты. Алты бас бұқа Жалағаш ауданы, алты басы Сырдария ауданының шаруашылықтарына сатылған. Алдағы уақытта да маңдай тер, өткен еңбек оң нәтижеге бастап, сырт елдерге экспортталатын мал басының саны өседі деп ойлаймыз.

2022 жылы Жаңадария ауылынан «Адал» шаруашылығы сүт бағытындағы фермасын ашу мақсатында Қарағанды облысынан 30 бас асыл тұқымды «Симментал» сиырының қашарын алды. Сонымен қатар Аққұм ауылынан «Бақдаулет-57» шаруа қожалығы сүт фермасын ашу мақсатында былтыр наурыз айында Чехия мемлекетінен асыл тұқымды сиыр әкелуді жоспарлап отыр.

Қарап отырсақ, атқарылған шаруа аз емес. Дегенмен алда қолға алатын жоба да баршылық. Саланы өркендетуде қашанда табандылық қажет, бұл бағытта мемлекеттік бағдарламалардың да тиімділігін айтпай кете алмаймыз. Дегенмен мал баққанға бітетінін де назарда ұстау керек. Әрдайым нәтиже тек адал еңбекпен келеді. Бұл тұста еселі еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген жалағаштық шаруашылық иелерін айтуға болады. Олардың әрбірі көзінде санаулы малымен кәсіп бастап, өз қаражаты есебінен, мемлекеттік қолдаудың нәтижесімен де бүгінде шаруасын ширатып отыр. Ал біздің ауданда мал шаруашылығының жылдан-жылға өркен жайғанына жоғарыдағы сандар дәлел болады. Бұл орайда талап қылғандарға мемлекеттен жан-жақты қолдау бар. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып отырғандардың қатары артып келе жатқаны қуантады.

**Н.АЛМАСҚЫЗЫ**

Асыл дінімізде біреуге жақсылық жасауды адами болмыстың ең биігі санайды. Әлемдегі барлық жаратылыс адамзаттың игілігіне берілгенімен, бүкіл жаратылыстың иесі – Алла. Ол біздерге мал-мүлік берсе, Алланың берген нығметіне шүкіршілік етіп, орнымен жұмсап, шүкіршілігі ретінде Алла разылығы үшін белгілі бір мөлшерін мұқтаждарға беру керегін де ескертеді.

## Зекет — берекет кілті



Жалпы бөтен мақсат көздемей, тек шын жүректен жасалған әрбір іс – сауап, садақа. Ретін тапса, сауапты істің түрі көп. Біле білсеңіз, игі іс жасау міндетті түрде біреуге дүниенің жартысын бөліп беру деген түсінік емес. Түсінгенге, сауапты іс бұл – үлкен жүректен шығатын кішкене ғана іс-әрекет. Садақа берумен дүниеіміздің кеміп қалмайтынын білуіміз керек. Денің сау, басың аман кезде берген садақан сені алда тәніп тұрған түрлі бәлекет пен кесепаттан, қауіп-қатерден, ауру-сырқаудан, жамандықтан мал-жаныңды, дүние-мүлкіңді сақтандырады. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадисінде: «Малдарыңды зекетпен қорғандар, ауру-сырқаттарыңды садақа беріп емдеңдер, бастарыңа келген бәлекеттер үшін Алла Тағалаға жалбарынып дұға етіп, көмек сұраңдар» десе, келесі бір хадисінде: «Садақа беруге асығындар. Өйткені бәле садақаны асып өте алмайды» деген.

Зекет берудің түрі көп. Бірақ біз біле бермейтін сауапты істер де бар. Жақында қолымызға республикалық рухани-танымдық "Мұнағ" газетінің ең алғашқы саны тиді. Газет бетін ақтарып отырып «Балдан зекет беріле ме?» деген мақалаға көзіміз түсті. Өзімізге таңсық дүние болғасын, мұқият оқып шықтық. Сөйтсек балдан да зекет беріледі екен. Ханафи мазхабында балдан зекет берілуі керек. Оның белгіленген нисап мөлшері жоқ. Қанша өнім алса, соның 10 пайызын беру – уәжіп. Зекеттің бұл түрі ұшыр деп аталады. Ұшырдың берілуінің себебі былай түсіндіріледі. Ара балды есімдік және ағаш гүлдерінен жинайды. Бал жруге жарамды және оны сақтауға да болады. Ол мүлік болуға жарайды, сатса, пайда келтіреді. Сондықтан егін мен жемістен ұшыр берілген сияқты, балдан да ұшыр осылай беріледі.

Мамандардың айтуынша, балдың адам денсаулығы үшін пайдасы көп. Бал қан құрамын жақсартатын, ішкі ағзалардың қызметін жандандырады, иммунитетті арттырады, дененің физиологиялық қызметін, күш-қуатын қалпына келтіреді. Мидың жұмысын жақсартыды, тыныс алу жолдарын сақтайды. Сондай-ақ жүрек-қан тамыры ауруына, бауырға, бүйрекке, ішек-қарын жолына, суық тиюге, өтке пайдалы. Балды құрт ауруына, ұйқысыздыққа, бас ауруына, қан қысымына, асқазан жарасына, тіпті күйкке де ем ретінде пайдалануға болады. Адам ағзасын ауру-сырқаудан сақтайтын бұл өнімнің аллергияға, бактерияға, қабынуға да қарсы қасиеттері анықталған.

**Е.СОЗАҚБАЕВ**

**Сала саңлақтары**

# Қарсыласын шаң қаптырған қос палуан



**Олар спортқа алғаш қадам басқанда бозбала еді, ауылдағы қарапайым спорт залда жаттығып, ең алғаш жекпе-жекте татқан жеңістің дәмі қос палуанға да жігер берді десек, қателеспеген болар едік. Бұл сөзімізге олардың әлі күнге дейін спорттан қол үзбеуі тұздық болары анық.**

Жалағаштағы қазақ күресінің дамуына һәм тарихына зер салған кез келген адам алдымен Берікқазы Әуесбаев пен Мейрамбек Оразбаевтың автобиографиясын айналып өтпесі хақ. Себебі қос спортшы саналы ғұмырын ұлттық спорттың дамуына сарп еткен. Осы күнге дейінгі жыл сайын және 4 жылда бір ұйымдастырылған дүбірлі додаларда қазақ күресінен қос азаматтың есімі қатар аталып жүрді.

Иә, бүгінде Берікқазы мен Мейрамбек ағамыз – ардагер спортшы. Елуді өңсерген демесеніз, әлі де спорттан қол үзген жоқ. Осы уақытқа дейін олар жеңіске жеткен жарыстардың қорытындысын сараласақ, өз алдына бір еңбекке жүк

болатын түрі бар. Аудан спортын дамытуда тер төгіп, осы жолда жеңіске жетіп қана қоймай қаншама шәкірт тәрбиеледі. Бүгінде олардың алды әлем біріншілігін бағындырып отыр.

Бекең бүгінде Дәуімбайдағы жабық бассейнде директордың орынбасары болып жұмыс жасайды. Бірақ оны түбегейлі су спортына ден қойды дегендер қателеседі. Сонда жұмыс жасай жүріп, бүгінге дейін қазақ күресінен ардагерлер арасында ұйымдастырылған турнирлерде жеңіс тұғырынан түспей келеді.

Мейрамбек ағамыз да дәл осы мекемеде спорт нұсқаушы болып салауатты өмір салтын ұстанғандарға сапалы қызмет ету-

де. Ол да әлі күнге дейін ұлттық спорттан жырақтаған емес. Керісінше үлкен додаларда Берікқазы ағамыз екеуі топ жарып жүр. Қазақ күресінен облыстық, республикалық, қалаберді халықаралық турнирлерде де Берікқазы мен Мейрамбек талай топ жарған. Оларға жарыста жеткен жеңіспен мақтану жат, керісінше ізін басқан кейінгі буынмен шаттанады. Соларға қарап әлі де ауданда ұлттық спорттың алға басатынына сенеді.

Былыр аймақта 4 жылда бір ұйымдастырылатын ардагерлер спартакиадасы жалауын көтерген. Дүбірлі доданың соңына дейін жер-лестеріміз жарыс жолынан шыққан жоқ. Қазақ күресінен жүлделі орыннан бой көрсеткен Берікқазы мен

Мейрамбек ағамыз бойда күш барда аудан мерейін үстем етуде қарап қалмайтынын айтады.

— Облыста негізі қазақ және еркін күрестен Қармақшы ауданы палуандарының бәсі биік болатын. Одан кейінгі орындарды Жаңақорған, Жалағаш және Шиелі ауданының палуандары өзара сарапқа салатын. Ал қазір ше, бүгінде аймақта жалағаштық палуандар қарсылас шақ келтірмейді. Бұл жолда азды-көпті сінірген еңбегіміз бар шығар, бірақ онымен мақтанбаймыз. Жарыста төрешіге амал қылсақ, өмірде төреші – халық. Сондықтан бізге елдің алғысынан жоғары баға жоқ. Біз ұлттық спортқа қадам басқан жастарға қарап қуанамыз. Кейінгі буынның

алдын өзіміз баптап, жарысқа қостық. Бүгінде олардың алды әлем біріншілігін бағындырды. Қазір қазақ күресіне қатысатын жастар да жетерлік, мықты бапкерлер де жоқ емес. Бұқарбай батыр, Мәдениет ауылдары мен өзіміздің Жалағаш кентінде Нұрлыбек Қодрөң, Өмірбек, Кәлменов, Жайдар Есенов сынды тәжірибелі бапкерлер бар. Олар жастарды қазақ күресінен бөлек дзюдо мен еркін күреске де баулиды. Қазір бұл білікті бапкерлер шыңадаған шәкірттердің алды үлкен додаларда топ жарып жүр. Аудан спортында серпін бар, оның ішінде өзіміздің ұлттық спорттың алға басқаны біздің қуанышымызды еселейді. Мақтансақ, осымен мақтанамыз, бірақ тоқмәйісуге тағы болмайды. Мұнан да биікке жетуді мақсат еткенде ғана біз жақсы нәтижеге қол жеткіземіз, – дейді Берікқазы Әуесбаев.

Иә, тоқмәйісуге тағы болмайды. Бекеңнің бұлай айтатын реті бар, себебі ол – үнемі ізденіс үстінде жүретін азамат. Бір сөзбен айтқанда, сөзі мен ісі үйлесетін адамдар санатынан. Ал Мейрамбек ағамыз әуелден сондай. Екеуара диалог барысында қос палуанның мақсатынан айырмашылық аңғармадық, қазақ күресін дамытуға қатысты ойлары да бір мүддеде түйесі. Содан болар, бір-бірін қазақ күресі арқылы жақын таныды, әлі күнге дейін бір мақсатта еңбек етіп келеді.

— Кез келген спорт түрінің өзіне тән қыр-сыры, айла-тәсілі бар. Оны толық меңгермеген адамның жеңіс тұғырынан көрінуі қиынның қиыны. Қазақ күресі де дәс сондай, қарсыласыңды қапы қалдырудың бірнеше әдісі бар. Шалып лақтыру, қағып лақтыру, иіліп лақтыру, лақтыра жығу, арқадан асырып лақтыру, еңкейіп лақтыру, көтер-

мелеп лақтыру, айналырып лақтыру, Тоңқалана асып домалай лақтыру, кеудеден лақтыру, орап лақтыру сынды айла-тәсілдер бар. Мен арқадан асырып лақтыру әдісін жетік меңгергенмін. Бозкілемде көбіне қолданатын әдісім де осы. Ал Берікқазы Әуесбаев іштен қырка шалудың қыр-сырын жетік меңгерген. Күресте жоғарыда айттып өткен әдістің барлығын бір спортшы толық меңгере алмайды. Десе де соның бірін жетік білген дұрыс. Ал ол спортшының жеңіс тұғырынан көрінетіні анық. Бекең айтқандай, қазір ізбасарлар жетерлік, соған қуанамыз. Ұлттық спорттың дамысы, ауданның бұл долада бәсі биік болсын деп еңбек етіп жүргенде артыңнан еретіндер болмаса, өкінішті. Шүкір, бұл мақсатта бізді кенде қылмады. Артымыздан өрген жастарға қарап, Жалағашта ұлттық спорттың дами беретініне көзіміз жетеді, – дейді Мейрамбек ағамыз.

Спорт саласындағы мақсаты, оны дамытуға қатысты ойы бір мүддеде тоғысты. Сол мақсатқа жетті де, әлі де спорттан қол үзген жоқ. Ара-тұра жарыстарда жеңіс тұғырынан төбе көрсетіп келеді. Қазір ауданда әлемдік және халықаралық сайыстарда топ жарған саңлақтардан бапкерін сұрап жатсақ, олар да Бекең мен Мәкенді айналып өтпейді. Бұдан қазақ күресінен барлығын алдымен осы азаматтардың бауылғанын аңғарамыз. Сөз басында айтқанымыздай, олар бірқал мұнымен мақтанбайды, артынан өрген жастарға қарап, ұлттық спорттың жарқын болашағына шаттанады. Ал спортқа адал азаматтар барда ауданның мерейі әркез үстем болары айтпаса да белгілі.

**Көнжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**



# Домбырам не дейді?

(аспаптар генезисі және адам анатомиясы)

Шайтан тиегі  
шыыршық атып, өгіз  
ішегі еміреніп, қыл  
сағағы бебеу қағып,  
шанағынан ақтарылған  
мақпал мақам мен  
сылқылдақ күй мөлдір  
діріл болып тұна келе,  
көмейі сезім селіне  
булығып, домбырам  
сөйлей бастады...

Файыптың ғажайып ісі болып, домбыра мен қобызға тіл бітсе, тарихтың өңшісінде сандал күй көшкен шерлі шежіресін шертіп, шемеңін төккен болар ма еді, кім білсін. Әзірге құмығыңқы үні қабырғанды қақырата сөккен қара қобыз да, сананды сағыныштың сазына бөлеген қарағай домбыра да үнсіз. Құдды бір мылқау адам сияқты, ашылып сөйлегісі келмейді.

Зарлы үнінен ғана шіміркеніп, қобызды екінші бірі қолына ұстамайтын әдет біздің жұртта әуелден бар. Содан да болар, ақіреттің азалы күйін шерткен «бақсының аспабы» деп оны көнедегілер көпшіліктен оқшау ұстаған. Ал домбыра болса, қадірі мен қасиетін қашырмай, қастерлеп күте білген әр қарашаңырақтың төрінде дөдегелі үкісі желбіреп, теріс қарап ілулі тұр. Иә, теріс қарап! Құлақ түрейікші, қос мұңлық не дейді екен?

Мына жарық жалғанның жүзінде бар болудан асқан қандай ғанибет болуы мүмкін? Біздің қазақ төбесіне ажалдың ала бұлтты үйірілген науқас кісінің көңілін сұрап қайтқан жанға «Беті бері қарайтын түрі бар ма?» деп сауал қояды. Ондай кезде үміті үзіліп, үкімі шешіліп қойғандарға қаратып, «Беті ары қарап кетіпті» дейді екен. Осы «ары» мен «бері» сөзі онсыз да әрі-сәрі күйде жүретін біздің түрі екенімізді, мына жұмыр жердің бетінде бар екенімізді ишаралайды.

Бұрынғы қазақ қасиетті шаңыра-ғының қақ төріне бақиға көшкен бейба-ғының домбырасының ғана бетін теріс (ары... – авт.) қаратып ілген. Сахара тіршілігіне сай алыс белден ат арытып келе жатқан жоласуы, жолсоқты болған құдайы қонақ түскен осындай үйде кереге басында беті «ары» қаратылып ілінген домбыра тұрса, әлгі адам бүкіл әдеп пен салттан мақұрымн біреу болмаса, бұл шаңырақтың қаралы екенін айтпай білетін. Бет тақтайы бері қаратылып ілінген домбыраның иесі тірі деген сөз. Ымырамен түсінісіп, өмеуіріменн өгескен бабаларымызда ертеде осындай жоралғы болыпты. Бірақ техногенді өркеніет көшіне ілескен ХХІ ғасыр пендесінің мұндай киелі ишараға мөн беруден қалғаны қашан.

Тіршілігінде тұтынып, киген киімін де өзі дүниеден озған күні сүйегіне салып, жақын-жуығы мен жанашыр жөкеяттарына таратып беретін «ііс беру» деп аталатын рәсім біздің жұртта бүгінге дейін сақталып келеді. Сыыр құйымшақтанып, қадірі қаша бастаған осы үрдіс қазақта ислам өркеніеті келгенге дейін де болған. Кісінің тұтыған мүлкінде, әсіресе ұстаған заты мен киген киімінде киелі мәліметтер (информация) жиынтығы сақталады, осы қасиет сол затпен бірге көшеді деп сенген қазақ, әсіресе бас киімін сыйға тартуды жақсы ырымға жорымаған. Өйткені бабаларымыз бас киіммен бірге бақ та ауысуы мүмкін деген сенімде болған.

Қас шебердің тұтыған домбырасын ексебасар шөкіртің беру өнердің өлмей, жалғастық табатынына баланған. Бірінен екіншісі үйреніп, бір естігенін көкірекке түзіп, жадқа алу арқылы ауыша жалғасу сипатына ие қазақ өнері осы ерекшелігінің арқасынан қана бүгінгі күнге заманалар желінен өңі өшпей аман-есен жеткен. Ендеше көне мәдениет үлгілерін қаузаы зерттеген кейбір ғалымдардың ата-баба салтын саралай келе, «Әздерімен бірге тұтыңған аспабын да қоса жерлеткен» деген жорамалдарына күдікпен қарауға тура келетін тұс тура осы жерден басталады.

Мүмкін, ел басқарған еңселі ер, есіл қағандардың жеке өзіне қараған еңшілі мүлкінің барлығы құмасына қоса, өзімен бірге жерленгенінде күмен болмас. Бірақ қас шебер мен дүйім жұртқа дүрлігімен мәшһүр болған ордалы өнер иесінің ұстаған домбырасы мен қобызы өзімен бірге көмілмеген. Көшілпей өмірсаат үрдісін тұтыған біздің бабаларымыз үшін ол өнерді иесімен қоса көмумен пара-пар. Ескінің адамы қобыз бен домбырада жан бар деп есептеген. Түрлі мақсатпен дала көзген келімсектердің ұшқары пікірімен «Бейсауат» деп танылған ертедегілер қасиет сырын қазіргі «сауатты» сіз бен бізден артық білмесе, кем білмеген. Далалықтар заңында дүлдүл өнерпаздың домбырасы өзінің көзі тірісінде, иә болмаса иесі дүниеден озғаннан кейін сыйға тартылатын.

Сіздің де музыкалық аспаптар мұражайын аралап шығып, онда тұрған аспаптарды қызықтайтын әдетіңіз бар шығар. Мен өзім ондай жағдайдан тиялғанмын. Бүгінде қай қазақ баласының Жамбыл мен Динанын, Өміре мен Исаның ұстаған домбырасын



көріп, тамашалап, үнін естігісі келмейді дейсің. Сыртқы сипаты көдіүлгі аспаптан айнымай тұрғасын кімнің ойына қандай қиял кіріп-шығыпты? Сол аспаптарды шертіп көрген кезде ғана көп нәрсеге көз жеткізер едіңіз. Мұражайда сақталған домбыралардың қай-қайсысынан да тіршілік нышаны байқалмайды, қорс-қорс өткен құмығыңқы өлі дыбыс-тан басқа тірі үн шықпайды. Осыны көргенде бір замандағы саңқылдаған күміс қоңыраулары мен жағымды қоңыр үндері қайда кеткен деген ойдың құшағына көмілесің. Өлі аспаптар-дың қабырстанына айналған мұражай атаулыдан жаным жабырқап, көңілім құлазығанда тағы да бабалар байта-ғынан жеткен киелі көпке құлақ түремін.

Өмірден өткен өнерпаздың домбы-расын марқұмның жылы өткенге дейін кереге басына іліп қойып, аза тұтатын далалық салт болған. Өйткені тар-тылмаған домбыраның үні тек санаулы жылдарға дейін ғана сақталатынын екінің бірі біле бермес. Кейде шертілмей ұзақ тұрып қалатындығынан күй аңсап, жырга жұтынған домбыра ызылдап, өзінен-өзі дыбыс шығарады екен. Осы кезде әлгі мұңлықты қолына кім ұстаса, киесі соған қонады-мыс. Халық жадында қалған аңыз-әпсаналар осылай дейді. Содан кейін тартылмаса, қандай шешен домбыра болса да оның әсем үні өшіп, өзегіне түсіп кетеді. Сөйтіп ол да көдіүлгі адам сияқты «өледі» екен. Қол-аяғы қозғалыссыз жатқан сау адам да бойына кан жұрмесе санаулы уақыттың ішінде салға айналады. Әрі қарай оның аяғын бастыру үшін де үлкен күш керек. Домбыра да солай, тартылмай, құр ілулі тұрған домбыра – жансыз, өлі домбыра. Ендеше, иесі өлгенмен домбыраның бауырындағы өнері өлуге тиіс емес. Біздің жұрт осы мәселені Құдай жолымен де, дүнияуи жолмен де жарасымды шешкен. Қолға ұстайтын иесі табылса, домбыра деген киелілің де байланған бағының қайта жанғаны.

#### Домбыра сөйлеу керек

«Ағаш ат» деген ескі күй болған. Шығарма аңызының өзегіне өрілген ізгі ой ағашқа жан бітіру, сөйтіп ағаш атты иесімен қоса аспанға ұшыру. Демек, адамды көкке ұшыру мүмкіндігі бар құрылғының идеясын самғаған құсқа қарап отырып, іске асырған англиялық Джордж Кейлиден (XVIII ғ.) бұрын да далалықтарды бұл арман бейжай қалдырмаған. Бұл сү және қайық (алғашқы қайық-ұшақ... – авт.) ұғымымен астасып жатқан байырғы мифтермен де тығыз байланысты. Осы жерде өз тегін ағаш қуыршақ-актер кейіпкерінен алатын Карло Каллодидің әйгілі Пинокио жайындағы «Ағаш қуыршақ тарихы» ертегісінен А.Н.Толстойдың «Алтын кілт» немесе «Буратино хикаялары» шығармасына көшкен кейіпкерді тілге тиек етуге болады. Папа Карло шауып шығарған бізмұрын бала туралы ертегінің өзегінде де ағашқа жан бітіру идеясы жатыр. Біздің қазақтың «домбыра сөйлейді» дегені осы араға дәл келеді.

Сонда домбыра шынында да адамша сөйлей ме? Жоқ, мұнда басқа тылсым мағына бар. Адам тәнінің қызуы 35,5–37 градус (°) арасында толқиды, сөйтіп тән мен табиғаттағы тепе-теңдік сақталады. Адам ағзасының күрделі сезімтал мүшесі, ең үлкен ас қорыту безі – бауыр үстінде тұратын домбыра шанағы адам тәнінен бөлінген ылғал мен қызуды бойына толық сіңіріп, осы градусты қабылдаған кезде қу ағашқа көдімгідей жан бітіп, сосын ол «адамша сөйлей» бастайды, яғни домбыра ашылады. Осы құбылысты қазақ өнерпазға қаратып айтқанда, «домбырасы сөйлейді» дейді. Адамзат баласының ағашқа жан бітіру идеясы қазақ өнерінде осылай көрініс тапқан.

Ғылымда тоқтатылған уақыт (ста-тикалық уақыт) деген ұғым бар. Бұл әуелде санамызға сурет өнері арқылы сіңісті болып, кейін поэзияға көшкен. Ақын да, суретші де уақыт атты күдіретті бір сәтке болса да тоқтатуға әрекет етушілер. Бірақ одан жүрісінен жаңылған уақыт жоқ. Ақын аққан селдей жырымен, суретші кескінделерімен уақытқа өз таңбалынан бедерлей алды. Рас, теңіздей толқыған уақыт ағымын тек сурет өнері мен поэзия тілі арқылы

ғана «тоқтату» мүмкін екенін ілкідегілер жазбай таныған, жаңылмай білген. Бейнелеу өнері – өнер атаулының ең ілкі түрінен саналатыны да содан.

Мұрағаттарын алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер түрлерінің жәді-герлерімен жасақтаған Франция, Бель-гия, Германия, Ресей және Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк сияқ-ты қалаларының мұражайлары талай қазынаны бауырына басып жатыр. Алғашқы мүсінделген графикалық бейнелер, кескіндеме іспетті геоме-триялық таңбалардан бастап, Қиыр Солтүстік халықтары мен американ үндістері арасындағы пиктограммалар мен идеограммалар сурет-сөз өнерінің жинақталып берілген маңыз-мәйегі болып есептеледі. Сол жәдігерліктердегі догон, фанг, бамбара, бауле, банонг, балуба сияқты байырғы халықтардың палеолиттік «внералары» мен неолиттік терракот мүсіншелері бір-бірінен алшақ болғанымен, әйел-ана мүсінін нақты әрі табиғи бейнелеу тұсында олар ортақ түйсиді. Мұндай тақырып аясын Қазақстан мен Орталық Азиядан табылған жалбалдардан да кезіктіруге болады және бұлардың дені абстракт емес, нақты ұғымдармен байланысты екені ойға тамызық болады. Парос және Киклад аралынан табылған, бүгінде Грекияның Афины қаласының ұлттық мұражайында сақтаулы тұрған біздің дәуірімізден бұрынғы 3 мың жылдық тарихтан күелік беретін, бағзы заман жәдігері – гитара терізді кикладтық пұттардың геометриялық пішіндері мүлдем абстрактілі деген қорыынды жасаған В.Б.Мириманов бейнелеу өнерінде схематизмнен реализмге шегінушілік те жиі болып тұратын құбылыс екенін және ол американ үндістерінің ою-өрнектері мен сахара жартас өнеріндегі стильдік дамудан айқын байқалатынын да терістемеген.

Заттық айғақ жоқ жерде әңгіме өрісін бір өрім үстінде қиыстыру қиын. Демек, В.Б.Миримановтың атүсті талдай салған әйел-ана кескіндемесін ишаралайтын кикладтық пұт-бейне абстракт бейне дәуден гөрі неолиттік бейнелеу өнерінің реализмге шегініс жасауы деп жорамалдаған дұрысырақ. Мәселенің маңыздылығы мынада, осыдан 50 ғасыр бұрын таңбаланған жартастағы сұлба-бейненің бүгінгі хардафонды музыкалық аспаптардың сыртқы пішін мен әйел-ананың теріс қарап отырғандағы жа-лаңаш қалпымен (фигурасымен) са-лыстырылуы. Аспап пен әйелдің жалаңаш бейнесін логикалық шындық тұрғысынан бір тұлға есебінде қарас-тыру онша оғаш та, әрі қисынсыз да емес. Бірақ біз тек сыртқы пішіндік ұқсастықты жайын ғана іңдетіп кете берсек, онда бағытымыздан адасып, біршама жаңылысқан болар едік. Аспап пен адам ағзасының арасында тек физиологиялық қана емес, табиғи анатомиялық ішкі сәйкестіктер де жетіп жатыр. Дәлдеудің қажет ете бермейтін және бір ақиқат, ежелгі адамдар пана табу үшін жасаған үңгірлер, қазіргі киіз үйдің түрлері ана жатыры құрылымының көшірмесі. Ендеше, бұрын бізде әңгіме ауанын осы тарапта өрбітетін иесі татырлықтай салыстырулар мен талдаулар болған ба?

Ұлттық музыкатанушы мамандар арасында бұл мәселеге бірінші ден қойған өнер зерттеушісі марқұм Бағ-дәулет Аманов адам, тау және күй құбылысын ғылыми тұрғыда «трихо-томия» аталатын фәлсапалық үштік пішінмен салыстырған болатын. Ғалым күйдің құрылымын жүйелеу барысында шығарманы бас буың, орта буың, саға деп үшке бөлу негізді екенін айта келіп, күйдегі бас буындаы адам мен таудың басымен, орта буындаы кеудемен, сағаны аяқпен (өтек) салғастырып ілкі үштік қалыпты қисынды талдап шыққан еді.

Дүниенің құрылымын жоғарғы, ортаңғы, төменгі деп бөлу – бұрыннан бар жосықтың бірі. Бұл туралы зерттеулерінде Шоқан Уәлиханов та айтқан. Орыс ғалымы А.Ф.Лосьев «Үш әлем бар. Бірі байтақ, шексіз – макрокосмос, екіншісі шағын, адамдар дүниесі – микрокосмос, үшіншісі, сим-волдық – Інкжіл» дейтін Григорий Ско-вороданың шығармаларындағы мис-тикалық символизмді аталмыш үштік негізде талдаған. Демек, кез келген мәдени құбылысты осы үштік пішін

аясына сыйдыруға болады. Бірақ әлгі үштіктің үшінші қанаты философ А. Ф. Лосьев үшін ғана Інкжіл. Бұл төменгі дүниені білдіруі немесе мүлдем басқа тылсымды ишаралауы да ғажап емес. Музыкатанушы Б.Аманов тарихтау мен таным негіздерін ішкі имплицид қасиеттерден бөлек, сыртқы ұқсастықтар негізінде ғана өрбітті. Ал одан бергі жерде адам мен аспап құрылымының анатомиялық ұқсастығы жүйелі сөз болған жоқ. Біз де «айттым – бітті, кестім – үзілді» деп төрттағандап табан тіреп тұрып алатын мәндік пікірден аулақпыз. Бірақ қисыны келіп тұрған жерді қиыстырып жібере алмаудың өзі қиянат емес пе.

Расында да, әрісі әлемдегі барлық этноста, берісі түбі туыс түркіде теріс кездесетін қобыз, домбыра, сыбызғы сияқты музыкалық аспаптар дүниенің үш бөлігін ишаралайды. Көне бастауда жоғарғы дүние – Тәңір – Құдай – Алла, ортаңғы дүние – Тірілер – Адам – Пенде, төменгі дүние – Аруақтар – Сүйек – Рух өлемі. Аспаптар да осы үңғайда бөлініп, сыбызғы жоғары күштің, домбыра ортаңғы әлемнің, қобыз төменгі дүниенің ишарасы болып есептеледі. Кикладтық гитараға құрылымдық жағынан өте жақын келетіні еуропалық виолончель, скрипка және түркінің қобыз, домбыра сияқты аспаптары.

Жастау кезімде Нидерланд король-дігінің қарамағындағы Амстердам қалас-ында өткен концерттік сапардың бірінде жүріп, сол өңірдегі атақты бір музыка аспаптары мұражайына бас сұққаным бар еді. Мұражайға әлемдегі мыңнан аса ұлт пен ұлыстардың музыкалық аспаптары қойылыпты. Енді ұқсастық дегеннің ұлы тінін қараңыз. Қазақтағы қобыз (двух струнный смычковый) бен домбыра текті (плотный), сыбызғы сияқты (флейта пана) аспаптар жер бетіндегі этностардың бәрінде теріс кездесетіні тандай қақтырмай қоймады. Әрине, қобыз текті аспаптың жалғыз ішектісі мен үш ішектісі, домбыра сияқты аспаптың көлемінің үлкен-кішісі, сыбызғының ұзын-қысқа, бауырындағы белгі-тесіктің аз-көптігі, аспап атау-ларының бір-біріне ұқсауы мен оқшау-лығы аспап құрылымының жалпы маз-мұнына нұқсан келтірмесі анық. Сыртқы формалық ерекшеліктің ішкі мағына мен мазмұнға қатысы шамалы. Мен сол жолы үлкен ойдың құрсауында қалған едім.

Өзінің ұлптын, оның ұлағатын ұлықтағысы келмейтін ұл аз шығар. Соның бірі бәлкім біз болармыз. Алайда ұлықтау деген шыңдықпен бірге туған бауыр емес. Шындық атты қасқаның әуелде кіндіктен так, оның үстіне тұлдыр жетім екені рас болса керек. Әйтпесе, кейбір зерттеушілердің «Еуропаның скрипасы өз тегін қазақтың қара қобы-зынан алады» деп жабайы жорамал жа-сап тұрып, шіміркіпейтіндері қалай?

Жұмыр жердің бетінде адамзат ұрпағының арасына теңсіздік белгісін қойып тұрған тек терісінің түсі, тілі және жөре келе тұтыңған діни сенімдері ғана. Мәдениет ұғымын біз кейін қалыптастырдық, даму барысында қолдан жасап алдық. Ал ұлт деген түсініктің өзі балталаса бұзылмайтын мұзтау емес. Адамзат ұрпағы физио-логиялық тұрғыда, қан мен жынысының ұқсастығы жағынан бір-бірінен айырып ала алмайтын дәрежеде егіз. Біз білгенде ілкідегі «Homosariens» атанған алғашқы парасатты, саналы адам мен бүгінгі пенденің ара жігінде миллиондаған жылдардың шеруі жатқанымен, ұзақ сонар тіршілігінің арасында қылаудаы өзгеріс жоқ. Бұл күнде адамзат баласы ғарышты меңгердік деп жарияға жар салумен келеді. Бүгінгі дамыған ұлттар мен ұлыстар өзінің ілкі иткөйлегіне симай тұрғаны және белгілі. Бірақ содан келіп, әлгі иткөйлекті мүлдем «кімеді» деген ұғым тумаса керек. Алпа тағаланың алдындағы жалғыз ақиқат сол, аспаннан аяғы салбырап түскен, жерден жік айырып шыққан ешкім жоқ. Бәрі де Адам-ата мен Хауа-ананың баласы.

Менің домбырам солай дейді.

**Берік ЖҮСІПОВ,**  
фольклортанушы

Америкалықтар мен қазақтарды ортақтастыратын тұлғалар тарихта да бар. Солардың бірі – Дуглас Маккернан. Маккернан жайлы дерек көп емес. Бірақ оның өмір жолында қазақ тарихындағы айтулы тұлға Оспан батырмен тоғысатын сәттер бар. Маккернанның өмірдеректерінен Оспан батырдың атын кездестіруге болады. Сонымен Маккернан кім?

## Дуглас Маккернан мен Оспан батырды не байланыстырды?



Дуглас Сеймур Маккернан 1950 жылға дейін АҚШ Мемлекеттік департаментінің Үрімжідегі вице-консулы болған. Ағылшын тілінен транскрипциямен аударғанда оның тегі «Маккирнан» деп те айтылады. Ал кезінде оны Қытайдағы қазақтар Мөкенән деп атаған екен.

Дуглас Маккернан америкалықтар мен қазақтардың достық қарым-қатынасына көңіл бөліп, сол кезде Оспан батырмен келіссөздер жүргізген деседі. Ал Оспан батыр Исламұлының кезіндегі Шығыс Түркістан республикасының Алтай аймағын бірнеше жыл басқарғаны, оған дейін озбыр билікке қарсы шығып, мыңдаған қазақты қауіпсіз аймаққа көшіргені, Шығыс Түркістан республикасын тәуелсіз ел қылуды көкөсп, сол жолда қаза болғаны тарихтан аян.

Журналист Қалимақбар Үсемханның айтуынша, Қасен Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» кітабында Оспан батыр мен Мекенанның келіссөздері туралы мәлімет қамтылған. «Мөкенән Қалибек хакімге 5 доллардың жартысын жыртып берген» деген ақпарат та әлі күнге дейін көпшіліктің аузынан түспей келеді.

Жалпы Мөкенән туралы айта кететін болсақ, 1913 жылы Мексиканың астанасы Мехикода дүниеге келген. Үйдегі бес баланың тұңғышы көрінеді. Әкесі саяхатшы болғанды. Сөйтіп бала күнінде отбасымен АҚШ-тың Массачусетс штатындағы Стоутон қалашығына қоныс аударған. 1932 жылы Маккернан Массачусетс технологиялық институтына физика пәні бойынша оқуға түсіп, 1 курстан кейін оқудан шығып кетеді. Жастайынан әкесінің істеріне көмектесіп өскен еңбекқор жігіт өзі оқыған институтта зертханашы болып жұмыс істейді. Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде ол майор шенінде АҚШ-тың Әскери әуе күштерінде қызмет етсе, 1942 жылдың басынан Вашингтонда (Колумбия округі) офицер-криптосарлапшы ретінде, одан кейін Аляскада метеорологиялық офицер ретінде қызмет атқарады. 1943 жылдан бастап соғыс аяқталғанша Синьцзян провинциясының астанасы Дихуа (қазіргі Үрімжі) қаласында қызметте болады. 1947 жылдың ақпанында Маккернан Орталық барлау басқармасының (ЦРУ) құпия тыңшысы болып жалданады. Алайда құпия агент екенін жалтұру үшін ол АҚШ Мемлекеттік департаментінің Үрімжідегі консулдыңында вице-консул лауазымына тағайындалады. 1950 жылы Қытайдың Тибет жақтағы шекарасында қасындағы серіктерімен бірге Қытай әскерінің қолынан қаза табады. Өкінішке қарай Америка тарапынан Маккернан бастаған топты қорғауға әл жөніндегі хаты шекара бекетіне солар оқ құшқаннан кейін сәл кешігіп жетіпті.

Ресми деректерге сүйенсек, АҚШ Мемлекеттік департаменті мен Орталық барлау басқармасы (ЦРУ) тарапынан әлі күнге дейін Маккернанның радиограмма жазбаларының құпиясы толық ашылып, жарияланбаған. Ал күндегі 1990 жылдары жарияланған Алайда жарияланбас бұрын ол құжатқа көптеген түзету енгізілген екен. Сол күндегіінде Кунь-Луньға тауының бөктерінде Хусейн деген қазақтың үйінде қыстап шыққаны туралы дерек көрсетіліпті.

Оспан батыр мен Дуглас Маккернан да Қытай әскерінің қолынан қаза тапты. Егер екеуі де келіссөз жүргізгеннен кейін біраз жыл өмір сүргенде Қытайдың территориясында қалған Шығыс Түркістан республикасы, Алтай аймағы АҚШ-тың қолдауымен бәлкім Қазақстан аумағында қалар ма еді?!

Нұрдәулет КӘКІШ

#### Білгенте маржан

## Лавр жапырағы

## иммунитетті көтереді

Күн салқындағанда, әсіресе көктем, қыс айларында адам ағзасы әлсіреді. Суыққа төтеп бере алмай, түрлі дертпен күресіп жатады. Мұның барлығы иммунитеттің әлсіреуінен болады. Ал иммунитетті көтеру үшін міндетті түрде емханаға бару қажет емес. Үй жағдайында да иммунитетті көтерудің жолдары бар. Халық емі бойынша лавр жапырағымен де ағзаның белсенділігін арттыруға болады.

Иммунитетті көтеретін дәрумен – нәрсу. Бірдей көлемде кептірілген жалбызды, жау жапырақты, күрөнет пен қаштан гүлін араластырыңыз. Емдік шептің 5 ас қасығын ыдысқа салыңыз. Үстіне 1 литр қайнаған су құйып, бірнеше минут бауу отта қайнатасыз. Осы уақыттан соң оттан алып, бетін жауып қойыңыз. Тура 2 сағаттан соң тұнбаны сүзіп алып, 2 литр кез келген жеміс-жидектен дайындалған қантсыз нәрсу қосасыз. Дайын болған емдік нәрсуды жарты литрден күні бойы ішіп тауысасыз.

Лавр жапырағының қайнатпасы да иммундық жүйені көтеруде таптырмас әдіс. Мәселен, 300 мл суды ыдысқа құйып, отқа қоясыз. Бір қайнап шыққан соң 10-15 дана лавр жапырағын салып, тағы да 5 минут қайнатасыз. Сосын оттан алып, термосқа құйып қойыңыз. Шамамен 4 сағаттан соң дайын болған оусынды сүзіп алып, 1 ас қасықтан күніне 3 рет ішіңіз. Емді бір ай бойы жүргізесіз. Ең бастысы, қай ем түрін қолдандың да қоспалардың мөлшеріне және ем қабылдау уақыттарына аса мән беріңіз. Тұрақты әрі уақытылы жасалған ем нәтиже беретіні анық.

«ЖЖ» ақпарат



Сақтансаң, сақтайды

# Көлік апаты көбейген

Табиғаттың тосын мінезі дейміз бе, қазір жауған жаңбырдың аяғы көктайғаққа ұласқанына аптадан асты. Әлі де жердің жібитін түрі жоқ. Жауапты мекемелер жол ашып әлек. Рас, сенбі күні сәл мұз еріп, ашылғандай болған. Бірақ апта басында жолдың беті қайта қатты. Мұндайда сақтық керек, бұрынғылардың «сақтансаң, сақтайды» деген ақылмен астасқан нақылы қаперде бола тұрғаны дұрыс шығар.



Иә, сынықшының алдында көптеліс-көзек, жол апатының жиілеуін дәл осындай шақта қалыпты құбылыс деп қабылдаймыз. Ақпанмен қатар келген көктайғақта мұндай жағдайлар жер-жерде көрініс берді. Өзіміздің өңірде де жол апаты жиілегенін құзырлы органдар берген ақпараттан анық байқауға болады.

Білім ошақтары да өткен аптаның бейсенбі-жұма күндері онлайн жұмысқа көшті. Балалар қауіпсіздігін бірінші кезекке қойған сала қызметкерлерінің бұл шешімін қос қолдап қолдаймыз. Себебі өзіміз де жолда көлік тізгіңдейміз, тежегішті сәл бассан, тоқтай қалатын жер құрғақ емес қазір. Тіпті сенің баланыңның мына көктайғақ қыстығын да қыстырып тұрған жоқ.

Бұған дейін де айдың-күннің ама-нында бірнеше жол апаты болды. Көнт іргесіндегі Ақсуға алып баратын жолдың бойындағы қайғылы жағдай, М.Шәменов пен аудан орталығын жалғайтын жолдың бойындағы көлік апаты, бас шаһар мен көнт аралығындағы жолдағы бірнеше көлік апаты, бәрі-бәрі өкінішке орай адам шығынымен аяқталды. Қайғылы жағдайды қайта еске салып, біреудің жүрегің сыздату емес, бұған дейінгі

жол көлік оқиғаларынан сабақ алып, «сақтансаң, сақтайтының» қаперге салу еді біздікі. Енді аудандық полиция бөлімінен келген ақпаратты сөйләтсек...

Былытр ауданда 24 жол көлік оқиғасы орын алыпты. Оның алтауы, «Самара-Шымкент» тас жолында болса, үшеуі «Қызылорда-Жалағаш» тас жолында орын алған. Ал кент орталығындағы ішкі көшелерде 10 жол көлік оқиғасы тіркелген. Мұнан бөлек ауданаралық ішкі тас жолдарда да 5 жол көлік оқиғасы орын алған.

Былытр болған жол көлік оқиғалары 10 адамның өмірін қиды. Яғни көлік апатының кесірінен 3 жасөспірім мен 7 ересек адам бақилық болған. Оның біреуі жаңа жоғарыда айтып өткен «Жалағаш-М.Шәменов» ауыларалық ішкі жолдағы көлік апатынан көз жұмса, «Қызылорда-Жалағаш» тас жолында 1 адам бақилық болды. Ең үлкен адам шығыны болған көлік апаты «Шымкент-Самара» тас жолында тіркелген. Үлкен жолдың Таң ауылы тұсында болған жол көлік оқиғасынан 8 адам көз жұмды.

Біз былытр адам шығыны болған жол көлік оқиғаларына қатысты ақпаратты ақтардық. Барыс жылында орын алған

24 көлік апатынан мұнан бөлек 25 адам дене жарақатын алған. Оның екеуі «Самара-Шымкент» тас жолында зақым алса, ауданаралық ішкі жолдардағы көлік апатынан 13, кенттегі ішкі көшелерде 10 адам дене жарақатын алған.

Бұрын жолдың жайын жыр қылатын-быз, тіпті көлік апатына жол сапасын басты себеп қылатынымызды қайтерсіз. Қазір бұған қатысты мәселе жоқтың қасы. Былытрдың өзінде жол құрылысы қарқын алып, бұған дейін асфальт төселмеген көшелердің де сапасына мән берілді. Бұйырғанда, бұл бағыттағы жұмыстардың жалғасы алдағы жылдың өншісінде. Десе де жол жақсарған сайын керісінше қауіпсіздікті қаперден шығарып алғандаймыз. Болмаса бір жылда аядай ғана ауданда ішкі көшелерде 11 жол көлік оқиғасының орын алуы ақылға сыймайды.

Екінші себепті жүргізушілердің жүгенсіздігіне теліміз келіп, бұл тұста құзырлы орган өкілдерінің жұмысына қатысты нақақтан-нақақ теріс пікір айтылып жатады. Жаз, күз және қыс айларында басылым бетіндегі «Погодағы журналист» айдарымен редакцияның тілшілер тобы тәртіп сақшыларымен тәулік

бойы жұмыс жасайды. Әрине бұл ретте біз құзырлы орган өкілінің орнына шешім шығара алмаймыз, тек көмекші бола жүріп, мақаламызға қажетті мәлімет алу үшін олармен қолы қалт еткенде екеуара диалог құрамыз. Олардың ауданда қылмыстың алдын алуда, жол көлік оқиғаларына жол бермеуде еткен қажырлы еңбегіне қаныққасын бұл пікірге біз қосыла алмаймыз. Заң аясында жазасын береді, азамат ретінде қауіпсіздік талаптарымен таныстырады, мейлінше «сақтанса, сақтайтының» қаперге салады, ал аргысы көлік иесінің өз шешіміне байланысты.

Жылдың басталғаны кеше, ақпан айына дейін ауданда 2 жол көлік оқиғасы тіркелген. Абырой болғанда адам шығыны жоқ. Десе де үш адам зардап шеккен. Тәртіп сақшылары өзіне жүктелген міндетті атқарып жатыр, сондықтан көз келген келесіз жағдайды олардың жұмысымен байланыстыра беру жөнсіз. Түптеп келгенде қауіпсіздік өзіміз үшін, құрығанда осы қаперде болсын. Жердің де өзін жібитін түрі жоқ. Сондықтан жолда абай болыңыздар.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Халық әуеніндегі күдірет

Өткен ғасырдың басында өмір сүрген орыс ғалымы, жиһангер, түркі, моңғол халықтарының тарихын, салт-санасын, мәдениетін зерттеген Григорий Потанин "Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді", — деп тамсаныпты. Иә, қазақтың музыкалық мұрасын әлем халқы әлі зерттеп келеді. Тіпті соңғы уақытта жаһан жұртшылығының қазақтың халық әндеріне деген қызығушылығы арта түсті. Оған себеп болған әнші Димаш Құдайберген.



Нақтырақ айтсақ, Димаш орындаған халық әні — "Дайыдау". Димаш әлем сахнасында осы енді құйылжыта шырқағанда тыңдармандардың төбе-құйқасы шымырлап, жаны тебіреніп, еріксіз әуенге қосылып кетеді. Сондай күйді басынан көшкен жүрегі бар жандар "қазақ халқының әуендерінде түйсікпен ғана сөзіне алатын тылсым, өзіне баурап алатын сиқырлы күш бар" деп мойындай бастады. Осыдан соң қазақ халқың ән мен күйден жаралған деген аңыздың өзі шыныдыққа айналып сала береді. Фольклоршы Потаниннің де сан алуан бояуға малынған қазақ даласынан сиқырлы әуен естуді жайдан-жай емес...

Расында, Қазақстанның қай өңіріне барсаңыз да өзіне тән әуені, саз мақамы бар және оны тек әнші, жырышы, күйшілерінен ғана тыңдамайсыз, даласының өзі құлаққа құйып, жүрекке жеткізіп тұрады.

Бұрынырақта қазақ вальсінің каролы атанған Шәмші Қалдаяқовтың "Ақ құс туралы аңыз" деген өңгімесін оқыдым. Ертеде қазақ даласында бір ақ құс өмір сүріпті. Оның тұрқы мен сән-сымбатына адам баласынан бөлек, аң-құстың бәрі қызығыпты. Ақ құс сайрағанда ұйытқып соққан жел тынып, жаңғырып, күңіреніп тұратын тау қалғып, толқындары тулап жататын теңіз бен көл тыныш, сылдырап, сарқырап, арқырап жататын бұлақтар мен өзендер ағысын тоқтатып, шулап жататын орман мүлгіп, бүкіл

дүние бір сәтке тынып қалады екен. Бірақ ақ құстың көмейінен төгілген сиқырлы үнге барша тіршілік иесі өліп жатқанда тек қарау ниетті қара құс қана құлағын тас бітеп алып, қызғаныштан жарылардай болып жатады екен. Ақыры қара құс аңдып жүріп бейқам отырған ақ құсты ұстап алып: "Ал ақ құс, соңғы сағатың соқты. Сен мені әбден мезі еттің. Сенің әніңді тыңдағым келмейді. Сен сайрай бастағанда мен құлағымда тас бітеп аламын. Енді сенен құтылып, құлағым біржола тыншытын болды", — дейді. Сонда ақ құс оған: "Иә, қара құс, қарау ниетті тіршілік иелеріне менің әнім жетпейді. Өйткені оларда жүрек болмайды. Өкінішке қарай сен де сондай қарау ниеттілердің қатарыңдасың. Сенің жауыз тырнағыңнан қауыпмайтынмыды білемін. Әйтсе де, саған өлер алдында айтатын бір өтінішім бар. Мен аспан астында өркін қалықтап жүрген бейбіт құспын. Тілегім де, мұратым да тек қана жақсылық, тыныштық, бейбітшілік. Менің өңдерімнің де сиқыры сонда. Ендеше, сен маған соңғы рет ән шырқауға мүмкіндік бер. Ішімдегі шерімді шығарайын. Содан соң өлтіре бер. Жаныма араша сұрамаймын", — дейді. Қара құс әрі ойланбай, бері ойланбай, келіседі. Ақ құс қара ниетті жұртқыштың қан шенгелінен босаған соң ағаштың зау биігіне қонақтап отырып, ән салады. Балбырап басталған сиқырлы әуен бірте-бірте мұңға айналып, қайғыға ұласады. Әдеттегідей дүние құлаққа ұр-

ған танадай болып мүлгіп қалады. Бір уақыттарда қара құс өзінің көзінен жас моншақтап жылап отырғанын байқайды. Бірақ оны ақ құсқа сөздірмеуге тырысып, "Әй, тоқта! Жарайды, бұл жолы мен сені өлтірмеймін. Азатсың. Қидым жаныңды". Бірақ, ескертемін, енді қолыма түсер болсаң, ән салғызбай өлтірмеймін", — депті...

Шәмші сынды ұлы сазгер айтқан осы аңыздағы ақ құс басқа елде емес, нақ осы қазақ даласында өмір сүрген деседі. Мейінше, сол ақ құсты кейін қара құс тағы да тұзағына түсіріп, ақыры өлтіріп тынған сияқты. Өйткені қазір қазақ даласы ән салмайтын болды. Қазақша ән мен әуеннен иіе қашты. Қоғамдық көліктер мен таксилерде тыңдайтын әуендер "жүректен кіріп, бойды алмайды", керісінше, мыңды шағып, тұла-бойынды түршіктіріп, жүйкенді жұқартады. Бірақ жастар, тіпті ересектердің өзі сол мән-мағынасыз сөзге шығарған сөзсіз сазды тыңдауға әуес. Тойлардағы шырқалатын әндер мен билердің әуенінің тіпті сиқы қашқан. Ең өкініштісі, сондай келеңсіздіктерге үлкендеріміздің "тәйт" демейді. Үлкендерден тәлім мен тиым болмаған соң кейінгілердің де санасы тотыға бастайды ғой. Құйқылжыған қазақы сазды, ұлттық бояуы бар әдемі әуенді қабылдай алмайтын, есесіне есірік әндерге елігіп, иығы қиқандап, бет-аузы қисандап, денесі жыбырлап отыратын бүгінгі көп жастарға мүсіркеп қараудан

басқа амалымыз қалмады.

Ана бір жылы қытайдан көшіп келген бір әкеміз мейрамханада болған тойға барыпты. Сонда екі иығын жулып жеп, құтырынып "Қара жорғаның" әуенін заманауи стильге салып шырқап, одырандап билеп жүрген қазақтың баласына қарап отырып өлгі әкеміз: "Әй, Құдай-ай, әуені тегіліп тұрған халық әнін айтқызатын бір қазақ табылмады ма екен мына елден, халқымыздың қадірлі қазынасын мына бір шұршітке қор қылды-ау", — деп өкпелегенін естігенде бір күліп, бір мұңайғанбыз.

Шүір ғой, еліміздің төрт өңірінде дәстүрлі жырдың төрт мектебі қалыптасқан және олар әлі де бұрынғы ізін сақтап келе жатыр. Бірақ дәстүрлі жырдың мақам-сазына елігітін жастар қазір өте аз. Жастар түгіл, ересектердің санасын даңғырлаған әуен жаулап алған. Жүректің көзі бітелсе, жан кірлейді. Жан кірлесе, сананы қараулық пен қатыгездік жайлайды. Ал жүректің көзін ашып, жанды тазартып тұратын күдірет ол — ән. Ұлттық бояуы бар әуен. Сол сиқырлы әуен жүректен кіріп, бойды баурағанда ғана мейірім оянады.

Ақ құс туралы аңызда қарау ниетті қатыгез қара құстың өзі сиқырлы әуенге елігіп, көзінен жас моншақтайтынын айттық ғой. Ендеше, біз де өз үнімізге, әуенімізге құлақ түруіміз керек.

Қуат АДИС

Нұр НАУАН

Ата-бабамыз басынан небір нәубетті өткерді. Жоқшылықты да, аштықты да, соғысты да, шапқыншылықты да, көтерілісті де, қысқасы қазақ бетпе-бет келмеген нәубет жоқ шығар. Осы замандарды ойға алғанда жүрегің сыздап, өзегіңді өртейтін өкініш оты жалаңдайды. Қазір ата-бабамыз аманаттап кеткен осы күннің қадіріне жете алдық па дейміз. Бүгінде бізде бәрі бар. Иә, сіз мұнымен келіспеуіңіз мүмкін. Ал мен айтқан «бәрі бар» дегенім азаттық. Бейбіт заман, тыныш тіршілік нағыз бақыттың жартысы емес пе?! Кезінде қазақ даласында жаугершілік, шапқыншылық орын алғанда, бабаларымыз осы күн үшін жанын берді. Олар білді бұл күнді өздері көрмейтінін. Бірақ келер ұрпаққа аманат етуді ойлады. Аманаттың салмағын ұғынар деді. Ғасырлар өтті, ата-баба арманы шындыққа айналды. Бірақ тарихтың жүрек сыздатар тұстары біздің жадымызда жаңғырып қала бермек.

## Қазақ әйелдерінің қайсарлығы



Тарихқа көз жүгіртсек, ер азаматтармен қатар жаумен айқасып, ел үшін басын қатерге тіккен батыр аналар, қыз-келіншектер көп. Олардың бірін білсек, бірін білмейміз мүмкін. Ел шетіне жау тиген қиын-қыстау заманда ер-азаматтармен қоса, «Алаш» деп атқа қонған аруларымыз да аз болмаған. Болашаққа қадамымыз нық болуы үшін өткенді саралап, батырлықпен тарих беттерінде өшпестей орын қалдырған батыр қыздарды, ханымдарды деріптеуге тиіспіз. Солардың бірі — Сүзге ханым.

Сүзге — XVI ғасырда өмір сүрген Сібір ханы Көшімнің әйелі. Сібірге іргесін беріп отырған қазақ байы Сүйіндіктің қызы. Сібір жұртын билеген, бір мәліметте арғы атасы хорезмдік, Көшім ханның әйелі Сүзгенің тарихта қалуының себебі неде? Осы сұраққа жауап іздеу үшін зерттеулерді ақтарып көрдік.

Сүзге ханым 1548-1582 жылдары аралығында өмір сүрген. Қасым ханның кеңесшісі Мейрамсолпының кенже немересі. Сүзгенің әкесі — Төртұыл елінің билеушісі Сүйіндік би. 1563 жылы Көшім ханға ұзатылады. Олардың Баймұрат, Бердімұрат, Көбеймұрат атты ұлдары болған. Сүзге ханымға арнап, сегіз сарайлы қала салынған екен. Бұл қала «Сүзге-Тура» деп аталған. Қазір бұл қала жоқ. Деректер бойынша екінің дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары Тобыл қаласынан солтүстікке қарай теміржол төселгенде сарай-қамалды да, ол салынған төбені де жермен-жексен қылып, тегістеп тастапты. Алайда сарайын жердің бетінен жоқ етіп, жойып жіберсе де, ханшайымның есімін құрта алмады. Бұл күндері сол жердегі теміржол бекеті «Сүзгун» деп аталады.

Біраңыз бойынша ол 1598 жылы Сібір хандығы күйреген күні тұтқынға алынып, Көшімнің басқа әйелдерімен, балаларымен бірге Мәскеуге аттандырылған. Онда ол өртерек тұтқынға түсіп, орыс патшасына қызмет етіп жүрген Көшім ханның жиені Мұхаммедқұлға қосылған. Басқа аңыз бойынша Сүзге хандық құлағаннан кейін аз қалашығын бекітіріп, бір айға дейін жауға берілмей соғысқан. Күші таусылғанда ол орыстарға «Шығып кетуге мүмкіндік берсеңдер, қамалды сендерге тастаймыз» деген шарт қояды. Орыстар оған келіседі, бірақ Сүзгенің қалуын талап етеді. Жауынгерлерінің өмірін сақтап қалу үшін Сүзге бұл шартты қабылдайды. Қорғаушылар кемеге мініп, көзден ғайып болғанда, басқыншылар қалаға кіреді. Олар үлкен өмен түбінде жасаулы киім киіп, қолына қанжар ұстаған Сүзгенің өлі денесіне тап болады. Көшімнің өзі шегініп кеткенде, қалада қалып, шағын жасақты басқарып, бір ай бойы жаумен кескілесуге көз келген еркектің батылы жете бермесі анық. Сүзге ханым от қарулы басқыншыға қарсы тұрды. Соңына дейін тырысып, ел мен жердің намысын қорғады.

Бұл тарих беттерінің бір парасы ғана. Заманында ерліктің ерен үлгісін көрсеткен Сүзге ханым жайында айтылатын өңгіме, дерек көп. Ол кісінің ер мінезі, ерекше қасиеттері ел жадында сақтаулы. Арулардың ерлігі әйгілі Қырдың басын алып, патшалық құрған Тұмар ханымнан басталып, сол ерлік жолын 1986 жылы қазақ елі тәуелсіздігінің жолында жанын қиған Сәбира мен Ләззаттар жалғады.

Меншік иесі:

жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директор

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық

“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат

комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті

жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.